

**Медицина мектебінің магистратура бағдарламаларына оқуға түсуге
қойылатын ең төменгі талаптарға және құжаттар пакетінің тізіміне
өзгерістер мен толықтырулар**

Санаты: Қағидалар

Бекітілген күні: 15.02.2023

Күшіне енген күні: 15.02.2023

Қолжетімділік деңгейі: Ашық
қолжетімділік

Сыныптауыш бойынша нөмірі: 2. ACAD

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: 17

Иесі: Медицина мектебі

Қайта қарау күні: 27.01.2025

Қолданылуы: НУ және НУ талапкерлері

Қайта қарау № 1

Қайта қарау түрі: Елеулі қайта қарау

Бекітілген күні: 15.02.2023

Күшіне енген күні: 15.02.2023

Бекітуші орган: Академиялық кеңес

Тіркеу нөмірі: 17



Академиялық кеңестің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 14 шешімімен бекітілген «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымының Медицина мектебінің магистратура бағдарламасына қабылдаудың ең төменгі талаптарына және құжаттар пакетінің тізіміне (бұдан әрі – Талаптар) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Талаптардың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Магистратура және докторантура бағдарламаларының дайындық жылы бағдарламасына түсу үшін ағылшын тілін білу тестінен өту туралы есепке қойылатын абсолютті ең төменгі талап – IELTS тестінің жалпы орташа балы 5,5 (IELTS Online тестін қоспағанда), бұл ретте секциялардың біреуі бойынша кемінде 5,0 балл немесе ETS сайтында жарияланған TOEFL-дің балама балы (TOEFL Home Edition-ды қоспағанда).»;

2. Талаптардың 7-тармағы мынадай абзацпен толықтырылсын:

«** Ағылшын тілінде оқытылатын пәндер санына қойылатын абсолютті ең төменгі талап – ЖОО-ның ресми растауына сәйкес ағылшын тілінде дәреже алған үміткерлер үшін 100%-дан 70 %-ды құрайды.»;

3. Талаптардың бүкіл мәтіні бойынша «IELTS» деген сөз «IELTS (IELTS Online тестін қоспағанда)» деген сөздермен ауыстырылсын.

